

Пазилов Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: pazilov82@mail

**1955-1991 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК ТҰРҒЫН-ҮЙ САЯСАТЫ
(Кентау қ. материалы бойынша)**

Мақалада 1955-1991 жылдардағы Кентау қаласында кеңестік тұрғын-үй саясатының негізгі бағыттарының жүзеге асырылуы баяндалады. Сонымен қатар, осы кезеңдегі қаладағы тұрғын-үй құрылысының қарқыны, тұрғындардың баспанамен қамтамасыз етілу деңгейі, тұрғын үйлердің сапасы мен жағдайы қарастырылады. Мақала осыған дейін ғылыми айналымға түспеген архив деректерінен алынған нақты материалдарға сүйеніп жазылған.

Тұрғын үй – адамзат өркениетінің түрлі тарихи дамуында homo sapiens-тің әлеуметтенген тіршілік ету кеңістігі және күнделікті өмір сүру сапасының басты көрсеткіші болып келеді. Алайда бұл мәселе әр елде немесе түрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттік биліктің ұстанымына байланысты түрліше шешімін тауып отырды. Кеңестік және посткеңестік кезеңдерде тұрғын үй құрылысы қаншалықты қарқынды жүргізілгенімен, тұрғындардың баспанаға деген сұраныстарын толық өтей алмады.

Түйін сөздер: Кентау, тұрғын-үй саясаты, өнеркәсіптік шағын қала, тұрғын-үй құрылысы, күнделікті өмір тарихы.

Pazilov Ye.

Doctoral student of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: pazilov82@mail

**The housing policy of the Soviet state industrial
cities of Kazakhstan in 1955-1991
(based on the materials of Kentau)**

The article reflects the main directions of the housing policy of the Soviet state in the industrial city of Kentau in 1955-1991. The dynamics of housing construction in this period is analyzed, the level of providing the population with living space, the quality and condition of the housing itself is considered. The article is based on rich factual material extracted from archives that were not previously introduced into scientific circulation.

At all stages of the historical development of human civilization, the housing problem was one of the most important: to have a dwelling-the basic need of homo sapiens. But the solution of this problem in different countries and among different peoples was carried out and is carried out on the basis of different approaches and with different levels of complexity. In the Soviet and post-Soviet periods, from year to year, the volume of housing construction increased, and the lack of housing, however, became chronic.

Key words: Housing policy, industrial monocity, housing construction, history of everyday life.

Пазиров Е.

Докторант Казахского национального педагогического университета им. Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: pazilov82@mail

**Жилищная политика советского государства
в промышленных городах Казахстана 1955-1991 гг.
(по материалам г. Кентау)**

В статье характеризуются основные направления реализации жилищной политики советского государства в индустриальном городе Кентау в 1955-1991 гг. Анализируется динамика жилищного строительства в этот период, рассматривается уровень обеспечения населения жилой площадью, качество и состояние самого жилья. Статья базируется на богатом фактическом материале, извлеченном из архивов, ранее не вводимом в научный оборот.

На всех этапах исторического развития человеческой цивилизации жилищная проблема была одной из наиболее важных: иметь жилище – базовая потребность homo sapiens. Но решение этой проблемы в разных странах и у разных народов осуществлялось и осуществляется на основе различных подходов и с разными уровнями сложности. И в советский, и постсоветский периоды из года в год объемы жилищного строительства увеличивались, а недостаток жилья, тем не менее, становился хроническим.

Ключевые слова: Кентау, жилищная политика, индустриальный моногород, жилищное строительство, история повседневности.

Кіріспе

Адамдардың қоғамда үйлесімді өмір сүруі мен отбасы құруы, оның баспанамен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты. Баспана мәселесі – адамдардың еңбек етуге деген құлшынысын, белгілі бір кәсіпорында жұмыс істеу тұрақтылығын, еңбек өнімділігін анықтайтын басты факторлардың бірі. Бұл әсіресе, тұрғын үй бөлу жүйесін түгелдей мемлекеттің бақылауы арқылы жүзеге асырылатын Кеңестер Одағында ерекше маңызды болды. Кеңестік кезеңде баспана мәселесі жұмысшыларды өндіріс орындарында тұрақты жұмыс істетудің, еңбек сапасын арттырудың, халықты басқару мен оған ықпал етудің басты құралына айналды (Меерович, 2008: 6).

Кентау қаласы – облыс орталығы Шымкенттен солтүстік-батысқа қарай 210 шақырым жердегі Қаратау жотасының етегінде, қойнауы пайдалы қазбаларға бай өнеркәсіптік аймақта орналасқан. Ол Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай кен орны маңында 1955 жылы бой көтерген шағын өндірістік қала (Атабекова, 2015: 22).

Кентау қаласы тұрғындарының баспанамен қамтылу деңгейі

Кентау қаласының өсіп-өркендеуі және ондағы өнеркәсіп орындарының болашағы тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету мәселесімен тығыз байланысты болды. Ащысай полиметалл комбинаты жұмысының бастапқы

кезеңіндегі жұмысшылар мен инженер-техник кадрлардың арасындағы ағымның жоғары болып, олардың бір орында тұрақтамауының басты себебі тұрғын үйдің жеткіліксіздігі еді. Сондықтан Ащысай полиметалл комбинатының басшылығы сырттан шақырылған инженер-техник кадрлардың ағымын тоқтату үшін, бірінші кезекте соларды баспанамен қамтамасыз етуге тырысты. Еңбек ресурстарының қаладағы түсті металлургия кәсіпорындарына сырттан толассыз ағылуы, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыстық деңгейіне де елеулі әсерін тигізді. Осы жылдары Кентауға көшіп келіп, тұрғын үй қиыншылығын өз басынан өткізген кенші Т. Абдрахманов былай деп еске алады: «1950 жылы отбасымызбен нағашыларымызды паналап, Кентауға көшіп келдік. Ол кезде Кентау дегенің үлкен кеніші бар ауыл еді. Нағашыларымыз өздерінің екі бөлмелі қоржын үйінің бір бөлмесін бізге босатып берді. Бізде ешқандай жиһаз, үй заттары болмады, біреуі көрпесімен, біреуі тамағымен бөлісті. Біздер де Кентауға жер ауып келген халықтар (грек, корей, шешен-ингуштар т.б.) сияқты өмір сүрдік. Ол жылдары жұмыс іздеп жақын маңдағы ауылдардан көшіп келген біз сияқты жергілікті қарапайым қазақтардың тұрмыстық жағдайы өте нашар болды. Көпшілігіміздің арнайы біліміміз болмағандықтан комбинат басшылығы біздерді жұмысқа қабылдауға құлқы болмай, маман ретінде сырттан арнайы шақыртылғандарға бүйрегі бұрып тұрды. Жергілікті қазақтар түрлі деңгейдегі өндірістің қара жұмыстарын місе тұтып, баспана ретінде өздері қазып алған жерке-

пелерде өмір сүрді, арасында кеніш маңындағы киіз үйлерде тұратындары да кездесетін» (Интервьюер: Абдрахманов, 2017).

Өнеркәсіпте жұмыс істейтін қарапайым адамдардың қалыпты жұмыс істеуінің өте маңызды әлеуметтік алғы шарттарының бірі тұрақты тұрғын үймен қамтамасыз ету саясаты екенін жақсы түсінген Ащысай полиметалл комбинатына басшылығы тұрғын үй қорын кеңейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруға кірісті. Ащысай полиметалл комбинатына қарасты «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресі өндіріс орындарының құрылысын жүргізумен қатар әлеуметтік объектілерді, оның ішінде тұрғын үйлерді салуды қолға алды. Трестің құрамынан әлеуметтік-мәдени объектілерді салуға маманданған «Жилстрой» және «Спецстрой» деп аталатын арнайы құрылыс-монтаждау басқармалары құрылып, күрделі азаматтық тұрғын үй құрылысын жүргізе бастады. Алайда, қала құрылысының дамуы тұрғындар санының өсу қарқынынан үнемі артта қалып отырды. 1955 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Кентау қаласына қарасты ведомствалық тұрғын үй қоры 46 000 м² құрады. Бұл жылдары қаладағы халық саны 42,3 мың адам болғанын ескерсек, тұрғын үй көлемі жан басына шаққанда бар болғаны 1 м²-тан сәл ғана асты. Бұл жалпы Кеңестер Одағы көлеміндегі қабылданған адам басына шаққандағы тұрғын үйдің санитарлық нормасынан (12 м²), 12 есе аз еді. Осы көрсеткіштерден сол жылдары Кентау қаласында баспана мәселесі қаншалықты шиеленісіп тұрғанын байқауға болады.

Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен жиналған жұмысшылар алғашқы жылдары қарапайым санитарлық талаптарға сай келмейтін кеніштің жанындағы барак типтес 2 пәтерлі фин үлгісіндегі үйлерде, көпшілігі вагондар мен шатырларда тұрып жатты. Тұрғын үй қорының 70% астамы тастан немесе қам кірпіштен салынған құрылыстардан тұрды (Қойгелдиев, 2016: 77).

1956 жылы 28 ақпанда өткен Кентау қалалық атқару комитеті кеңесінің жұмысшылардың еңбек жағдайы мен тұрмыстық мәселелеріне арналған қорытынды жиналысы өтіп, онда Ащысай полиметалл комбинатының құрамындағы «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасының басшысы В. Степин жолдастың атына бірқатар сын-ескертпелер жасалынды. Жиналыста қаладағы шиеленіскен тұрғын үй дағдарысы өнеркәсіп орындарына жаңа жұмыс күшін тартуға, еңбек өнімділігін арттыруға тежеу болып отырған басты факторлардың бірі екендігі айтыл-

ды. Мысалы, «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы мен оған қарасты құрылыс-монтаждау мекемелері 1955 жылы қала тұрғындары үшін 8133 м² көлемдегі тұрғын үй мен мәдени-тұрмыс жайларын салып, пайдалануға берген. Бұл сол жылы салынуы тиіс тұрғын үй жоспарының 74% ғана құраған. Сондықтан «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасына тұрғын үй құрылысының қарқынын шапшаңдату, құрылыс жұмыстарының сапасын түбірімен жақсарту міндеті жүктелді. Ащысай полиметалл комбинатының директоры Я.Д. Пиченюктің төрағалығымен өткен осы жиналыс қорытындысында тұрғын үй құрылысы салысында қалыптасқан дағдарысты жуық арада шешудің жолы ретінде, тұрғын үй құрылысын дамыту мен қаланы абаттандырудың бес жылға арналған жоспары жасалынуы қажет деген шешім қабылданды.

1957 жылы қала тұрғындарын әлеуметтік-мәдени нысандар және баспанамен қамтамасыз етудің 1957-1961 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бекітілді. Бұл жоспар бойынша Кентау қаласының тұрғын үй қорын үш есеге көбейтіп, тұрғын көлемін жан басына шаққанда 3,5 м² жеткізу жоспарланды. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің бесжылдық жоспарын жүзеге асыруды қаладағы басты өнеркәсіп орны – Ащысай полиметалл комбинаты толық өз мойнына алып, жұмыс барысы мен сапасын қадағалау Кентау қалалық атқару комитеті жанынан құрылған тұрақты бақылау комиссиясына жүктелді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін 35 млн. сом қаржы жұмсау қарастырылды (8-қ. 43-т. 12-іс.).

1957 жылы 31 шілдеде КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО-да тұрғын үй құрылысын дамыту туралы» арнайы қаулысы жарық көрді. Бұл бойынша тұрғын үй құрылысы мемлекет саясатының басты бағыты деп жарияланып, халықтың баспаналық-тұрмыстық жағдайын жақсарту шаралары қабылданды. Осы қаулыны негізге ала отырып, Кентау қаласындағы тұрғын үй құрылысын индустриялық бағытта – құрастырмалы темір бетон конструкциялары мен арзан жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалану арқылы жүргізу қолға алынды. Алайда бұл жылдары қалада құрылыс материалдарын өндіретін және стандартты үй құрастыратын зауыттар жоқ болатын. Құрылысқа қажетті цементтің 50%-нан астамы Магнитогорск қаласынан, құрастырмалы конструкциялы блоктар Шымкент тұрғын үй комбинатынан тасымалдан-

ды. Сондықтан, 1957 жылы жылына 20 мың м³ темірбетон өнімдерін шығаратын Кентау темірбетон зауыты іске қосылды. Осы кезге дейін қаладағы көпқабатты үйлер «Гипроцветмет» институтының сәулетшілері ұсынған әр түрлі жеке жобалары негізінде салынып келсе, енді бірыңғай типтік жобалар бойынша салу жоспарланды. Кентау қаласының тұрғын үйлер құрылысы енді тек I-439 А-40 мен А-447 С сериялы 2 типтік жоба бойынша жүргізілетін болды. Бұл типтік үлгідегі үйлердің ерекшелігі тез құрастырмалы және көп адамды қажет етпейтін шағын құрылыс бригадаларының көмегімен жүзеге асыруға болатын еді. Сонымен қатар, аталған үйлердің қабырғалары ірі бетондық құрастырмалы конструкциялар мен керамзитті кірпіштерден қаланып, биіктігі 3 және 4-қабаттан тұратын еді. Халықтың әлеуметтік нысандарға деген сұранысын жедел шешу үшін осы үйлердің бірінші қабаттарында халыққа қызмет көрсету орындары – дүкендер, шаштараз, тігін шеберханалары орналастырылды. Халық арасында «Хрущевтік» деп аталып кеткен жеке отбасыға арналған бұл үйлер подвалы мен шатыры жоқ, ас бөлмесі мен коридоры барынша тарылған, санитарлық тораптары мен бөлмелері біріктірілген, қабырғасының биіктігі 2,5 метрден аспайтын, көбінесе бір немесе екі бөлмеден тұратын қорап-үй үлгісінде салынды. Аталған үйлердің архитектуралық-көркемдік келбеті қосымша безендірулері жоқ, өте жұтаң болғанымен, қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуде маңызы зор болды. Көптеген жылдар бойы ортақ коммуналдық жатақханалар мен барактарда тұрып, үйсіз-күйсіз жүруден шаршаған қала тұрғындары үшін, сол жылдары осындай жеке отбасыға арналған баспаналарға қол жеткізу үлкен бақыт болатын.

«Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы бесжылдықтың алғашқы жылын бәсең қарқынмен бастап, тұрғын үйлер құрылысының бір жылдық жоспарын толық орындауға қол жеткізе алмады. 1957 жылы 15000 м² тұрғын үй көлемін пайдалануға беруі тиіс болса, іс жүзінде бар болғаны 8900 м² көлемдегі тұрғын үй салынды (15-к. 8-т. 833-іс.).

Бұл жоспардың 59% ғана құрады. Себебі, қажетті техникалық құралдардың жетіспеуіне байланысты жұмыстың ауыр болуы мен жалақының аз болуы, тиісті тұрмыстық жағдайлардың жасалмауынан жұмысшылардың тұрақтамауы құрылыс қарқынының баяу жүруіне өз әсерін тигізді. Құрылысқа жұмыс істеуге келген мамандар мүмкіндігінше қала-

дағы өнеркәсіп орындарына ауысып кетуге тырысты. Осы жағдайлардың бәрін ескерген «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасының басшылығы жұмысшылардың жалақы мөлшерін өсіріп, оларға арнап қала шетінен құрылысшылар қалашығын салды. Кентау қаласына жер аударылып келген ұлт өкілдерін (шешен, ингуш, грек т.б.) құрылыс жұмыстарына тарту қолға алынды.

Құрылыс бригадалары арасында «ғимараттарды жылдам, әрі арзан және жақсы етіп саламыз» деген даңғаза ұранның аясында социалистік жарыс өрістетіліп, осының нәтижесінде салынып жатқан нысандардың сапасы нашарлап кетті. Құрылыс бригадалары басқаларды басып озу үшін тұрғын үйді пайдалануға беруді бітпеген күйі, асығыс «өткізе салуды» әдетке айналдырды. Құрылыс материалдарынан бәрінша үнемдеу арқылы өзіндік құнын арзандату және ғимараттарды жеделдете салу еңбек өнімділігінің көрсеткіші ретінде сипатталған науқаншылық белең алды. Қалалық партия комитетінің жалғыз баспасөз органы болып табылатын «Кентау правдасы» газетінің беттерінде құрылыс бригадаларының жоспарды артық орындап, тұрғын үйлерді мерзімінен бұрын тапсырып жатқан қуанышты сәттері бейнеленген нөмерлері жарыса шығып жатты. Тұрғын үй құрылысының дамуын асыра дәріптейтін осындай мақалалармен қатар, баспаналарының сапасын сынаған қала тұрғындарының арызшағымдары сирек болса да жарық көре бастады. Мысалы, аталған газеттің 1957 жылғы 21 сәуіріндегі санында қала тұрғыны Р. Назиповтың «Тұрғын үй құрылысының артта қалуын жояйық» атты сын мақаласында: ««Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы жыл сайын тұрғын үй құрылысының жоспарын олқылықтарға ұшыратумен қатар, ғимараттарды өңдеу жұмыстары бойынша да артта қалуда. Сталин көшесінің аяқталған жеріндегі үйлер өңдеуді күтіп тұрғанына көп уақыт болды. Орнатылып қойылған есік, терезелерінің әйнектері қирап біткен. Көптеген салынып жатқан объектілердің сапасы нашар. «Ачполиметалл» комбинатының коммуналды-тұрғын үй басқармасы үйлерді қабылдап алған соң, бір айдан кейін қайтадан жөндеу жұмыстарын жүргізуге мәжбүр. Мысалы, 36 кварталдағы бір үйге құрылысшылар сыртқы канализация құдықтарына түтік салуды ұмытып кеткен. Осының нәтижесінде екі пәтердің едені бір айдан соң ойылып түсті. Сталин көшесіндегі №13 үйдің сылақтары құлап түсіп, едендері ойылып тұр» дей келе, құрылыс

жұмыстарының сапасын жақсарту шараларын ұсынады (Назипов, 1957: 2).

«Ачполиметалл» комбинатының коммуналды-тұрғын үй басқармасы инженерлік-коммуналдық тораптарға толық қосылып үлгермеген ғимараттарды халыққа таратып беруінің салдарынан санитарлық-тұрмыстық мәселелері шиеленіскен кварталдар пайда бола бастады. Электр жүйелеріне уақытылы қосылмағандықтан қаланың шеткі кварталдарының тұрғындары айлап жарықсыз отырумен қатар, кейде сумен жабдықтау жүйелерімен қамтамасыз етіліп үлгермегендіктен суды сырттан тасып ішуге мәжбүр болған жағдайлар да кездесті.

Кентау қаласы құрылмай тұрған кезден бастап-ақ жергілікті тұрғындар мұқтаждықтарын өз беттерінше қанағаттандыруға тырысып, мемлекет бекіткен типтік жобаға сай келмейтін жеке меншік баспаналар салып алған болатын. 1960 жылға қарай Кентау қаласында жоспарсыз салынған осындай жеке меншік үйлердің саны 2 мыңға жетті. Бұл үйлерде көбінесе жақын маңдағы ауылдардан көшіп келген жергілікті жердің байырғы тұрғындары тұратын еді. Қала басшылығы енді жеке меншік тұрғын үй құрылысын да бақылауға алып, оны жоспарлау жүйесіне көшіруге тырысты. Өйткені кеңестік кезеңде тұрғын үй мәселесі халықты басқару мен ықпал етудің сенімді құралы еді. Осыны өз мақсаттарына тиімді пайдаланған комбинат басшылығы кезексіз үй беру арқылы жұмысшыларын марапаттап, тұрғын үйден шығарып жіберу арқылы жазалау шараларын жүргізіп отырды. Сондықтан жеке меншік тұрғын үй салу жүйесі де Ащысай полиметалл комбинатына қарасты коммуналды тұрғын үй шаруашылығының тарапынан қатаң қадағалау қолға алынды. Халықтың өз қолымен тұрғызылған жеке меншік үйлері, көп жағдайда бас жоспарға сай келмейді немесе қаланың көркін бұзады деген сылтаумен қадағалаушы органдардың шешімімен бұзылуға (снос) ұшырады. Мұның өтеуі ретінде қаланың жаңа солтүстік-батыс ауданынан жеке меншік жер учаскелері бөлініп, оны салу тек өнеркәсіп орындары арқылы бөлінетін мемлекеттік ссуда қаржысымен ғана жүзеге асырылды. Мемлекеттік ссудаларды өтеу мерзімі 20-25 жылға дейін ұзартылды.

Осы мақсатта Ащысай полиметалл комбинаты жыл сайын мемлекеттен қаржы алып, оны жеке меншік тұрғын үй құрылысын дамыту үшін халыққа мемлекеттік ссуда ретінде тарата бастады. 1960 жылы комбинат жеке меншік

тұрғын үй құрылысы үшін 700 мың сом қаржы бөлді (30-т. 1420-іс.). Бірақ құрылыс материалдарын алуға бөлінген ссуданы рәсімдеу кезіндегі бюрократтық кедергілерге байланысты және құрылыс заттарының сапасыз болуының кесірінен тұрғындар ұзақ мерзімдік мемлекеттік несиені алуға онша құлқы болмады. Қазақ ССР түсті металлургия Министрлігінің нұсқауы бойынша несиелер әр жылдың 1 сәуіріне дейін бөлініп, міндеттемелер арқылы әзірленіп бітуі тиіс болды. Тұрғындар мемлекеттік ссуда алып үй салудан бас тартқандықтан, игерілмеген қаржыны қайтарғысы келмеген комбинат басшылығы жұмысшыларды мәжбүрлі түрде ссуда алуға көндіруге тырысты.

Жалпы 1957-1961 жылдардың аралығындағы бесжылдық жоспары бойынша 55353 м² тұрғын үй пайдалануға берілді. 1961 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша Кентау қаласының тұрғын үй қоры 125425 м² құрады (33-т. 1237-іс.).

1957-1961 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бойынша тұрғын үй қорын жан басына шаққанда 3,5 м² жеткізу міндеті бәрібір орындалмады. Көп жағдайда бөлінген қаржы өзінің тиісті мақсатына жұмсалмай, басқа іске пайдаланылып кетті. Осыған қарамастан, Кентау қаласының тұрғын үй құрылысын дамытудың бірінші бесжылдығы, жалпы алғанда қала халқын баспанамен қамтамасыз етуде маңызы зор болды. Осы кезге дейін барактар мен коммуналдық үйлерде тұрып келген тұрғындар, тұңғыш рет шағын, әрі қарабайыр болса да жеке отбасыға арналған пәтерлерге қол жеткізіп, тұрмыстық жағдайын жақсартуға мүмкіндік алды. Халықтың алғаш рет жеке отбасыға арналған пәтерлерге қол жеткізуі әрбір шаңырақ үшін естен кетпес қуанышты оқиға болумен қатар, қаланың демографиялық ахуалының жақсаруына да оң ықпал етті.

1962 жылғы мәлімет бойынша тек Ащысай полиметалл комбинаты бойынша ғана 990 отбасы пәтер кезегінде тұрса, бүкіл қала бойынша баспанаға мұқтаждардың саны 2997 отбасыны құрады. Сонымен қатар, 559 отбасы тұрғын үй көлемін ұлғайтуды қажет етсе, 2758 отбасы тозығы жеткен бұзылуы тиіс үйлерде, 1500 отбасы ескіріп, құлауға шақ тұрған ведомствалық уақытша үйлерде өмір сүріп жатты (38-т. 1508-іс.).

Қосымша тұрғын үй көлемдерін табу мақсатында, қаладағы өндірістік ұйымдар мен мекемелерді көшіру мен тығыздастыру шаралары қолға алынды. Тұрғын үйлердің жетіспеушілігін азайту үшін осы босаған әкімшілік ғимараттар мен мекемелердің конторларына, тұрғын үйге

лайықты коммуникациялық жүйелерінің болмағанына қарамастан жұмысшылар уақытша орналастырылды.

Баспанаға мұқтаж қала тұрғындарының арасында кезек бойынша пәтер бөлу кезінде тамыр-таныстыққа жол беріліп, кезексіз үй алу мен артық тұрғын үй көлемін иемдену жағдайлары жиі кездесті. 1960-1962 жылдары салынған тұрғын үйлердің дұрыс бөлінуін анықтау мақсатында құрылған, құрамында Кентау қалалық кеңесі депутаттары енген комиссия (төрағасы Байтасов М.), 1962 жылы қыркүйек айында тексеру жұмыстарын жүргізіп, бірқатар заң бұзушылықтарды анықтады. Тұрғын үйлерді бөлу ведомствалық жүйе бойынша тек қаладағы кәсіпорындар арқылы бөлінетін болғандықтан, пәтерлер ең алдымен кезексіз инженер-техниктерден құралған басшылық құрамға беріліп келген. Тексеру барысында анықталғандай, көпшілігі инженер-техниктер мен басшылардан тұратын 241 отбасы белгіленген санитарлық нормадан артық тұрғын көлемі бар пәтерлерде тұрып келген. Тексеру қорытындысын негізге ала отырып, комиссия мүшелері артық тұрғын үй көлемі бар пәтерлерде тығыздастыру мен қайта бөлу жұмыстарын қайтадан жүргізуге тура келді. Кентау қалалық кеңесінің еңбекші депутаттары атқару комитетінің 1962 жылы 9 қазандағы №189 қаулысы негізінде тұрғын үйлерді бөлудің жаңа тәртібі енгізіліп, ол бойынша енді пәтерлердің 70% қарапайым жұмысшыларға, 15% мемлекеттік қызметшілерге, 15% ғана инженер-техниктер мен басшылық құрам арасында бөлінуі тиіс деген шешім шығарылды.

Кентау қаласында әсіресе, өндірісте жұмыс істемейтін мұғалімдер мен дәрігерлердің т.б мемлекеттік қызметшілердің баспанаға қол жеткізуі қиын болды. Олардың қызметі тікелей өнеркәсіп орындарының емес, Кентау қалалық кеңесі атқару комитетінің қарамағында болатын. Қалалық партияның атқару комитетінің жаңа тұрғын үйлер салуға қаржысы да мүмкіндігі де жоқ болғандықтан, кәсіпорын басшыларына өтініш жасап қана пәтерлерді бөлгізе алатын еді. Ал қаладағы кәсіпорын басшылары бірінші кезекте өз жұмысшыларын баспанамен қамтамасыз етіп, артық тұрғын үй көлемі болса ғана қалалық атқару комитетінің өтінішіне құлақ асатын еді. Осындай жағдайды, 1966 жылы 29 маусымда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы М.Б. Бейсебаевтың атына жазылған Кентау қалалық партия комитетінің төрағасы И. Тлеубергеновтың хатынан байқауға болады. Ол хатта Кентау қаласы құрылған 1955

жылдан бері тұрғын үй салуға қалалық атқару комитетінің жергілікті кеңесі шеңберінде бірде-бір рет қаржы бөлінбегенін, қаладағы баспанаға мұқтаж 2500 отбасының ішінде мемлекеттік мекемелер бойынша 300 отбасы пәтерге зәру екені айтылады (85-қ. 21-т. 146-іс.).

Қала басшылығының көзжұмбайлыққа салынуы мен кәсіпорын басшылығының алдындағы дәрменсіздігінен тұрғындарға пәтер беру жүйесінде заңсыздықтар мен әділетсіздік жағдайлар белең ала бастады. Тұрғын үйді бөлу жүйесіндегі әділетсіздіктер жөнінде қалалық газет редакциясына, облыстық партия комитеттеріне, тіпті Коммунистік партияның Орталық комитетінің атына арыздар жазу жиілей түсті. 1966 жылы 14 сәуірде Кентау қаласында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 9 наурыздағы №200 «Еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестері бойынша тұрғын үйлерден баспана берудің тәртібі мен ережелері» атты қаулысының орындалуын тексерген Шымкент облысы халықтық бақылау комитеті бірқатар заңбұзушылықтарды анықтады. Соңғы 3 жылда Кентау қаласында 25743 м² тұрғын үй алаңы пайдалануға беріліп, 800 отбасы жеке пәтерге ие болғанымен, тізім бойынша әлі де болса 2000 отбасы баспанамен қамтылмаған. Осыған қарамастан 2 адамнан тұратын 64 отбасы 2 бөлмелік, 3 адамнан тұратын 14 отбасы 3 бөлмелі пәтерлерді иемденіп келген. Ал 8-10 адамнан тұратын қаладағы көптеген отбасылар 1 бөлмеде тұруға мәжбүр. Кейбір жеке пәтер иелері тұрғын үй алаңын негізсіз ұлғайтып алған. Мысалы, құрылыс басқармасының бастығы П.В. Хохряковтың 4 адамнан тұратын отбасысы 67,5 м² болатын дербес үйде тұрып келген. Кентау қаласы үшін қабылданған санитарлық норма бойынша тұрғын үй көлемі жан басына шаққандағы 9 м² есептелінуі тиіс болатын. Бүкіл Кентау қаласы бойынша 143 отбасы 1700 м² болатын артық тұрғын үй көлемін, немесе соңғы 3 жылда салынған тұрғын үйлердің 7% иемденіп келгені анықталды. Құрылыс басқармасы арыз жазған азаматтардың бәрін үйінің бар-жоғын тексермей, тамыр-таныстық жолмен пәтер кезегіне тіркей берген. Мысалы, № 2 құрылыс басқармасы арқылы 3 бөлмелі үйі бар азамат К.И. Фомаиди, № 1 құрылыс басқармасында 2 бөлмелі пәтері бар азамат Ф.С. Понамарчук баспанаға мұқтаждар тізіміне енгізілген. Ал Мырғалымсай кен байыту фабрикасының жұмысшысы Н. Немировтің қолында үй алу жөніндегі ордері болса да тұрғын үй коммуналдық басқармасының басшысы Е.А. Горшкова оған тиесілі пәтерді бермей

қойған. Осындай заңсыздықтардың орын алуына жол бергені үшін Кентау қалалық кеңесінің төрағасы Ж. Жанарыстановқа, Ащысай полиметалл комбинатының тұрғын үй коммуналдық басқармасының басшысы Е.А. Горшковаға қатаң сөгіс беріліп, оларға тез арада жағдайды реттеу жөнінде тапсырмалар жүктелді.

1950 жылдардың соңына қарай, Кентау қаласында бірқатар жаңа кәсіпорындар ашылды. 1958 жылы бүкіл Қазақстан бойынша бірегей Экскаватор зауыты мен 1959 жылы Трансформатор зауытының бой көтеруі сәйкесінше қосымша жұмыс күшін қажет етіп, қала халқы санының өсуіне алып келді. 1965 жылғы мәлімет бойынша қала халқының саны 62 мың адамға жетті. Себебі, қаладағы тұрғын үйлер салу құрылысы артудың орнына керісінше жылдан-жылға төмендеп кеткен еді. 1963 жылы қалада 8241 м² көлемде жаңа тұрғын үй пайдалануға берілсе, 1964 жылы – 8133 м², 1965 жылы – 8100 м², 1966 жылы – 7000 м², 1967 жылы – 5000 м² мөлшерінде жаңа тұрғын үй салынды (15-қ. 2-т. 59-іс.). Салыстырмалы түрде алсақ, 1967 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің көлемі 1958 жылы салынған үй көлемінің тек 33% ғана құрады. Өйткені, осы жылдары өнеркәсіпті басқару саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, бұл бойынша 30-ға жуық салалық министрліктер жойылып, кәсіпорындарды басқару республикалардағы Халық Шаруашылығы кеңестеріне бөлініп берілді. Осылайша өнеркәсіпті басқару салалық принциптен аумақтық принципке көшірілген еді. Алайда бұл жағдай кәсіпорындардың дербестігінің өсуіне емес, керісінше шектелуіне алып келді. Себебі, Мәскеудегі орталық қарамағында жалпы басшылық, жоспарлық тапсырмаларды анықтау мен қадағалау, кәсіпорын тарапынан жүргізілетін кез келген құрылыс жұмыстарына рұқсат беру сияқты мәселелер қалды. Енді қала құрылысын жүргізу үшін Ащысай полиметалл комбинаты алдымен облыстық, одан кейін республикалық Халық Шаруашылығы кеңесіне өтініш жасап, соңында барып Мәскеудегі Орталықтың рұқсатын алуы тиіс болды. Бұл онсыз да сол кезеңде өршіп тұрған бюрократтық кедергілерді көбейтіп, қаладағы құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне кері әсерін тигізді.

1969-1975 жылдардың аралығында «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» тресті жұмысшылары жоспар бойынша 95 000 м² көлемдегі (жеке меншік үйлерді есептемегенде) тұрғын үй қорын пайдалануға берді. Осы жылдардың аралығында әрбір бесінші қала тұрғыны жаңа баспанаға ие

болды. Тұрғын үйлердің сыртқы келбетімен қатар, ішкі құрылымы да жақсарып, барлық коммуникациялық тораптармен қамтамасыз етілді. Пәтерлерге жылу беру жүйесі бұрынғыдай кварталдардың ішінде орналасқан жылу қазандықтарына емес, ТЭЦ-5 жылу мекемесінің тораптарына тікелей қосылды.

1975 жылғы мәлімет бойынша Кентау қаласы мен Ащысай, Байжансай елдімекендерін қоса есептегенде мемлекеттік тұрғын үй қоры 279000 м², қала халқының саны 68,7 мың адамды жетті. Жан басына шаққанда тұрғын үй қорының көлемі 4,1 м² құрады. Жалпы тұрғын үй қорының 195 000 м² Ащысай полиметалл комбинаты өз үлесінде қалдырып, қалған бөлігін қаладағы басқа да ведомствалық мекемелердің балансына өткізілді (Мауленкулов, 2010: 134).

Қала құрылысын дамытудың 1969-1975 жылдарға арналған жетіжылдық жоспарының мерзімі аяқталғаннан кейін, тұрғын үй салу қарқыны қаржыға байланысты баяулай бастады. Өйткені, қаланың тұрғын үй құрылысы мен коммуналдық жүйесінің бар ауыртпалығы қала түзуші жалғыз кәсіпорын – Ащысай полиметалл комбинатының мойнына артылған болатын. Сондықтан басты мақсаты түсті металл өнімдерін мүмкіндігінше көп өндіріп, елдің қорғаныстық қабілетін арттыру міндеті жүктелген, орталыққа тәуелді кәсіпорын үшін қала құрылысын дамытумен қатар коммуналдық жүйелерін ұстап тұру өте үлкен күш еді. Мысалы, 1975 жылы тұрғын үй қорын қамтамасыз ету сметасы бойынша, табыс – 487,0 мың сом, шығын – 920 мың сом болып, амортизациялық айырма – 542 мың сомды құрады. Бұл тұрғын үй құрылысын есепке алмағанда, тек қаланың коммуналдық шаруашылық жүйесін қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін комбинат тарапынан жыл сайын 500 мыңнан аса қаржы жұмсалып отырғанын байқауға болады. Ащысай полиметалл комбинаты басшылығының қалалық коммуналды шаруашылық жүйесін Қазақ ССР коммуналды шаруашылық Министрлігінің балансына өткізуі талабы орындалмады. Сондықтан тұрғын үйлер құрылысын тек Ащысай полиметалл комбинатына ғана емес, өз жұмысшылары үшін қаладағы басқа да кәсіпорындар жүргізуге міндеттелді. Енді Ащысай полиметалл комбинатынан өзге қаладағы 5 кәсіпорын – «Золотошахтопроходка» тресті, Экскаватор зауыты, Трансформатор зауыты, Қаратау кен-барлау экспедициясы, тоқыма тігін фабрикасы да тұрғын үй құрылысын үлестік негізде жүргізуі тиіс болды. Ал комбинатқа қарасты «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» бас-

қармасы тапсырысты орындаушы ретінде осы кәсіпорындар бөлген қаржы есебінен тұрғын үйлер салуға кірісті.

1977 жылы осы кәсіпорындардың тапсырысы негізінде «Мырғалымсайқорғасынқұрылыс» басқармасы Кентау қаласында керамзитблокты және ірі панельді 14 тұрғын үйдің, 1978 жылы 8 тұрғын үйдің құрылысын жүргізді. Құрылыс саласына қойылатын талаптардың қатандануына байланысты және қаржының дер кезінде бөлінбеуі себепті тұрғын үйлерді тапсыру мерзімі де ұлғайып, 3-4 жылға дейін созыла бастады.

Құрылысқа бөлінетін қаржы көздерінің азаяуына байланысты, енді жеке меншік тұрғын үй құрылысын жүргізуді ынталандыру қолға алынды. 1983 жылы жеке меншік үй құрылысын жүргізу үшін қала тұрғындарынан 1773 өтініш келіп түссе, оның ішінде 1565 азаматтың (89%) өтінішіне оң шешім шығарылған. 1987 жылғы мәлімет бойынша Кентау қаласындағы жеке тұрғын үйлердің саны 6007 жетіп, оның ішінде 3387 үй типтік жоспар бойынша салынды (91-қ. 1-т. 177-іс.).

1987 жылы қала халқының тұрғын үйге сұранысын қанағаттандыру үшін «Тұрғын үй-91» бағдарламасы қабылданды. Бұл халықты баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған кеңестік кезеңдегі соңғы тұрғын үй бағдарламасы болатын. Бағдарлама бойынша 1987 жылдың 1 қаңтарына дейін пәтер кезегінде тұрған азаматтар барлығы алдағы 5 жылдың ішінде баспанамен толық қамтылуы тиіс деп жоспарланды. 1987 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша тек, Ащысай полиметалл комбинаты бойынша пәтер кезегіне 2634 отбасы тіркелсе, 334 отбасы тұрғын үй аумағын ұлғайтушылар тізіміне енген. Баспана кезегінде

тұрған азаматтарды жеке пәтермен қамтамасыз ету үшін 1992 жылға дейін қалада 155600 м² көлемде немесе 2593 пәтерлі тұрғын үй салу жоспарланды. Бағдарламаның алғашқы кезеңі болып есептелетін 1987 жылы қалада мердігерлік әдіспен 13587 м² және шаруашылық әдіспен 4791 м² көлемде тұрғын үй салынды. 1988 жылдан бастап, басы жақсы басталған тұрғын үй бағдарламасының жүзеге асырылуы баяулап, ақыры саяси науқанға айналып кетті.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Кентау қаласындағы тұрғын үй қорының барлығы өнеркәсіп орындарының ведомствалық балансында болды. Тұрғын үй бөлу жүйесі тек өндіріс орындары арқылы жүргізілді. Қалаға сырттан келгендер өнеркәсіпке немесе қалалық қызмет көрсету мекемелеріне жұмысқа тұрғаннан кейін ғана тұрғындар тізіміне алынып, баспана кезегіне тұрғызылды және кәсіпорын жатақханасынан орын алды. Осы жүйе арқылы өндірісті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мен Кентау қаласы тұрғындарының санын реттеу механизмі қалыптасты. Қаладағы тұрақты жұмыс орнынан шығып қалған жұмысшылар ведомствалық баспаналарымен қоса, қала тұрғыны мәртебесінен де қоса айырылып отырды. Осының арқасында тұрғын үй мәселесі бірте-бірте халыққа ықпал етудің және әлеуметтік саясат саласындағы басқару құралына айналды. Кеңестік кезеңде Кентау қаласының тұрғын үй құрылысы қаншалықты қарқынды жүргізілгенімен, тұрғындардың баспанаға деген сұраныстарын толық өтей алмады. Қаладағы тұрғын-үй құрылысының дамуы халық санының өсімінен үнемі артта қалып отырды.

Әдебиеттер

- Атабекова Р.(2015). Кентау: алпыс жыл – алпыс белес. Алматы: Өнер.
- Абдрахманов Т. (1935 ж.т.). Ұлты қазақ. Сұқбат 2017 жылы Кентау қаласында жазып алынған. Қазақстан Республикасы.
- Назипов Р.(1957). Тұрғын үй құрылысының артта қалуын жойайық // «Кентау» правдасы, №21, 2 б.
- Меерович М.(2008). Наказание жилищем. Москва: РОССПЭН
- Мауленкулов С.(2010). Рабочая доблесть Ачисая. Кентау: Еркін и К-XXI.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 8-қ. 43-т. 12-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 15-қ. 8-т. 833-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 85-қ. 21-т. 146-іс.
- Кентау өңірлік мемлекеттік архивы, 91-қ. 1-т. 164-іс
- ҚР ПА 708-қ. 29-т. 1399-іс.
- ҚР ПА 708-қ. 30-т. 1420-іс.
- ҚР ПА 708-қ. 33-т. 1237-іс.
- ҚР ПА 708-қ. 38-т. 1508-іс.
- Қойгелдиев М. (2016). Советтік қоғамдағы еңбек феномені. Алматы: Қаратау.

References

- Atabekova R. (2015). Kentau: alpys zhyl-alpys beles. Almaty: Oner.
- Interviewer T. Abdrakhmanov (1935 BC). Kazakh. Suhbat 2017 zhyly Kentau kalasynda zhazyp alyn'an. Republic of Kazakhstan.
- Nazipov R. (1957). Let's eliminate the backlog of housing construction. Kentau Pravda, p. 21.
- Meerovich M. (2008). Punishment by dwelling. Moscow: ROSSPEN
- Maulenkulov S. (2010). Working prowess of Achisay. Kentau: Erkin and K-XXI.
- Kentau regional state archive, 8-k. 43-t. 12-is.
- Kentau regional state archive, 15-k. 8-t. 833-is.
- Kentau regional state archive, 85-k. 21-t. 146-is.
- Kentau regional state archive, 91-k. 1-t. 177-is.
- KR PA 708-k. 29-t. 1399-is.
- KR PA 708-k. 30-t. 1420-is.
- KR PA 708-k. 33-t. 1237-is.
- KR PA 708-k. 38-t. 1508-is.
- Koigeldiev M.(2016). The phenomenon of labor in the Soviet society. Almaty: Karatau.